

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 285-288.

ӘОЖ 332.3

АУДАНЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ

Баярлин А.Е. э.ғ.к.

Ябекова С.С., 2-ші курс магистранты

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ*

Жер пайдаланушылықтар жүйесін жетілдіру жерге орналастырудың күрделі құрылымдық бөліктерінің бірі болып табылады. Себебі, бір жағынан әрбір жаңа шаруашылық үшін өндіріске қолайлы жағдай жасалса, екінші жағынан басқа іргелес жер пайдалану жерлерінде бірдей экономикалық жағдай принципі сақталуы тиіс. Жетілдіру кезінде жер пайдаланушылық объектілерін аумақтатиімді орналастыру маңызды, ол болса белгілі бір талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [1].

Жер пайдаланушылықты орналастыруға келесіндей факторлар әсер етеді:

- жер учаскелерінің сапасы және алаптардың құрылымы;
- шаруашылықтың мамандануы (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы не олардың жекелеген салалары);
- елді мекендерден қашықтық;
- өнімдерді сату және қайта өңдеу орындарына дейінгі қашықтық;
- автожол желісімен қамтамасыз етілуі;
- сумен қамтамасыз етілуі;
- өндірістік құрылыстардың болуы;
- жер учаскелерінің экологиялық жағдайы және ластану көздерінен қашықтығы [2].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жерге орналастыру және олардың жер пайдаланушылықтарын қалыптастыру тұрғысынан өндірісті ұйымдастыруға және оның нәтижелеріне кері әсер ететін жерді пайдаланудағы кемшіліктер келесі топтарға бөлінеді:

1. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жер пайдаланушылықтарының ауданы мен өнім көлемінің, оның мамандануы, салаларының құрамы мен арақатынасы арасындағы сәйкессіздік.
2. Жерді пайдаланудағы кемшіліктердің екінші тобы жердің құрамының, олардың сапалық жай-күйінің, сондай-ақ геоботаникалық, гидрографиялық

1	Целиноград	181	20	8	23	1	129
2	Жақсы	131	12	5	11	-	103

Реформалау нәтижесінде жер пайдаланушылық жүйесі мынадай өзгеріске ұшырады (2 кесте).

2 кесте - Реформадан кейінгі агроқұрылымдардың саны (2022ж)

№	Аудан атауы	Агроқұрылымдар, барлығы	Соның ішінде				
			совхоздар	АҚ	ЖШС	ӨК	ШҚ
1	Целиноград	375	-	18	68	1	288
2	Жақсы	278	-	13	27	2	236

Талдау бойынша соңғы 30 жыл аралығында совхозтар таратылып, олардың орнына көптеген жаңа шаруашылық формалары (ЖШС, АҚ, ӨК, ШҚ) келгенін көріп отырмыз.

Біріншіден ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жер пайдаланушылықтарының ауданы мен өнім көлемінің, оның мамандануы, салаларының құрамы мен арақатынасы арасындағы сәйкестік анықталды (2 кесте).

3 кесте - Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мамандандырылуы

Аудандар	Ауыл шаруашылық кәсіпорын саны	Ауыл шаруашылық алаптар ауданы, га / егістіктің үлесі, %	Мамандандырылуы
Целиноград	375	537362,8/57,5	Астық шаруашылығы
Жақсы	278	834986,2/68	Астық-мал шаруашылығы

Кестеден ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мамандандырылуы көп жағдайда алаптардың құрамына сәйкес келмейтіндігін көруге болады.

Екіншіден, жердің құрамының, олардың сапалық жай-күйінің, сондай-ақ геоботаникалық, гидрографиялық және басқа да жағдайлардың ауыл шаруашылығы өндірісінің сипатына сәйкестігі анықталды (4 кесте).

4 кесте - Аудан жерінің сапалық жай күйі

Аудандар	Жер ауданы, га	Топырақ балл бонитеті	Топырақ түрі	Гидрографиялық жағдайы
Целиноград	541100,25	33	Қара топырақ	суарылмайтын

Жақсы	835 353,73	42	Қара қоңыр топырақ	суарылмайтын
-------	------------	----	--------------------	--------------

Кестеден көріп тұрғанымыздай Жақсы ауданының топырақ балл бонитеті жоғары болғандықтан, астық шаруашылығы Целиноград ауданына қарағанда жақсы дамыған. Оған дәлел Жақсы ауданының мамандырылуы егін және мал шаруашылығы болса да, егістің үлесі 68%, ал тек астық шаруашылығымен айналысатын Целиноград ауданында егістің үлесі 57,5%-ды құрайды [6,7].

Талдау барысында аудандардағы жер пайдаланушылықтардың көп тараған кеңістік кемшіліктері айқындалды (5-кесте).

5 кесте - Жер пайдаланушылықтардың кеңістік кемшіліктері

Аудандар	алабарлық	теңбілдеулік	шалғай жерлік	моноалаптар
Целиноград	49	21	93	69
Жақсы	57	26	106	83

Зерттеу бойынша осы күні көп кездесетін кемшіліктерге алабарлық, теңбілдеулік, шалғай жерлік пен моноалаптарды жатқызуға болады. Осы кемшіліктер Жақсы ауданындағы ауыл шаруашылық кәсіпорынының жер пайдаланушылықтарында кең тарағанын байқаймыз. Мысалы, «Жанажол» ЖШС-де алабарлықты, ал «Табыс» ЖШС-де шалғай жерлік сияқты кемшіліктерді көруге болады. Сонымен қатар шалғай жерлік пен моноалап сияқты кемшіліктер шаруа қожалықтарының жер телімдерінде көптеп кездеседі.

Жер пайдаланушылық жүйесін талдау мен зерттеу нәтижелері негізінде жүйені жетілдіру бойынша келесіндей ұсыныстар беруге болады:

- жер пайдаланушылық жүйесін жетілдіру ғылыми негізделген болжаулар түріндегі ауданның жерге орналастыру схемалары негізінде жүргізілуге тиісті;

- жерге орналастыру схемаларын құрастыруда ауданның табиғи аймақтық, экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктері ескерілуі керек;

- аудандардың жерге орналастыру схемасы негізінде шаруашылықаралық, ішкі шаруашылық және учаскелік жерге орналастыру жобалары құрастырылуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Землеустроительное проектирование. Территориальное (межхозяйственное) землеустройство: / А.Ж Калиев, Оренбургский гос. ун-т Оренбург: ОГУ, 2017.
- 2 Қазақстан Республикасының Жер кодексі – Алматы, 2003ж. (20 маусым 2003 жылдан г.№442-2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800018000>)
- 3 Ж.Қ. Қырықбаев, Т.Е. Карбозов, Е.С. Ахметов Шаруашылықаралық жерге орналастыру - Астана С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, 2017 ж

- 4 Гришко Л. А., Современные проблемы использования земель сельскохозяйственного назначения и предложения по их разрешению/WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS [Текст] / сборник статей XXVIII Международной научно-практической конференции. В 4.Ч.1. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». 2019. – 218 с.
- 5 «Межхозяйственное (территориальное) землеустройство» [Текст] / М.М. Брантова, З.Р. Тлехас, – Майкоп: изд-во Магарин О.Г., 2016. -122 с.
- 6 Сводный аналитический отчет Комитета по управлению земельными ресурсами МСХ РК о состоянии и использовании земель-Астана, 2021г.
- 7 Ozeranskaya N., Abeldina A., Kurmanova G. and etc. Agricultural land management in the system of sustainable rural development in the Republic of Kazakhstan [Text] / International Journal of Civil Engineering and Technology (IJCIET). -2018.-Vol. 9. Issue 13. -P. 1500-1513.